

**Тұтынушыларға арналған "TOTALENERGIES QUARTZ CLUB"
жарнамалық Акциясын өткізу ережелері
(әрі қарай - "Ережелер")**

**1. "TOTALENERGIES QUARTZ CLUB" АКЦИЯСЫНЫҢ (әрі қарай - "Акция")
ҰЙЫМДАСТЫРУШЫСЫ ЖӘНЕ ТАПСЫРЫС БЕРУШІСІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР:**

Акцияның тапсырыс берушісі болып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға, БСН 131140026174, мекен-жайы: 050000, Алматы қ., Қонаев к-сі, 77, 9 қабат, "Park View Office Tower" БО, "ТотальЭнерджис Маркетинг Қазақстан" ЖШС табылады (әрі қарай - "**Тапсырыс беруші**");

Акцияның ұйымдастырушысы болып, Тапсырыс берушінің тапсырысы бойынша әрекет ететін, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға, БСН 050840004119, 050004, Алматы қ., Жібек Жолы даңғылы, 135, 2 Блок, 10 қабат, 2104 кеңсе мекен жайында орналасқан "Urban Media" (Урбан Медиа) ЖШС табылады (әрі қарай - "**Ұйымдастырушы**").

2. АКЦИЯНЫҢ МАҚСАТЫ

2.1. Осы Акция "TotalEnergies" және "Elf" тауар белгілеріне қызығушылықты қалыптастыру және қолдау, өнімнің оң беделін қалыптастыру мақсатында белгіленбеген тұлғалар арасында "Total Quartz" және "Elf Evolution" мотор майын және оған тұтынушылық сұранысты қалыптастыру мақсатында өткізіледі.

2.2. Акция қатысу үшін ақы төлеуді талап етпейді, лотерея, бәс тігу, тотализатор, құмар ойын немесе Қазақстан Республикасы "Ойын бизнесі туралы" Заңының талаптарына сәйкес тәуекелге негізделген өзге ойын болып табылмайды.

3. ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕП

"TotalEnergies Quartz Club" - тапсырмаларды орындау, жүлделер ұтысына қатысу үшін арнайы әзірленген бағдарлама (әрі қарай "**Клуб**");

-WhatsApp-та - "TotalEnergies Quartz Club" Бот (әрі қарай - "**WhatsApp-бот**");

- промо-сайтта www.totalenergiesquartzclub.kz (әрі қарай - "**Сайт**");

Акциялық өнім - Тапсырыс берушінің өнімі - QR-код немесе 7-таңбалы код түріндегі Промо-код жазылған Акциялық жапсырма орналастырылған, тұтқырлығы 5 және 0 болатын, көлемі 4 немесе 5 литр канистрдегі "Total QUARTZ" және "ELF" сауда белгісімен шығарылған мотор майлары.

Акциялық жапсырма - Акциялық өнімде орналастырылған, промо-код орналасқан үзбелі бөлігі бар акция туралы қысқаша ақпаратты қамтитын арнайы жапсырма, 2 түрлі болады:

- **QR-код түріндегі Промо-код:** Акциялық өнімнің арнайы жапсырмасында орналастырылған; Акцияға Қатысушылардың жеңілдік түрінде кепілдік берілген жүлдені алуына мүмкіндік береді (әрі қарай - "**QR-код**").

- **7 таңбалы код түріндегі Промо-код** Акциялық өнімнің арнайы жапсырмасында қорғаныш қабатының астында орналасқан; Акцияға қатысушылардың жеңілдік түрінде кепілдік берілген жүлдені алуына мүмкіндік береді (әрі қарай - "**Код**").

Промо-кодтар (QR-код және Код) бірегей болып табылады, Акциялық жапсырмаларда қайталанбайды. Бір Промо-код акцияға 1 (бір) реттен артық пайдаланыла алмайды.

Сатушының QR-коды - сатушы туралы жасырын ақпаратты (ТАӘ, Телефон нөмірі) қамтитын бірегей матрицалық QR-код (әрі қарай - "**сатушының QR-коды**") WhatsApp-ботқа көшу үшін қажетті, Акция серіктестерінің сауда нүктесінде (әрі қарай - "**СН**") орналастырылған;

Сатушының ID - Акция серіктестерінің сауда нүктесінде орналастырылған СН сатушының 4-таңбалы цифрлық коды, Акцияға қатысушының кепілдік берілген жүлдені алуы үшін қажет.

Акция тапсырмалары - Кепілдік берілген жүлдені алу және/немесе Бас жүлделердің ұтыс ойынына қатысу үшін Қатысушының орындауы тиіс арнайы әзірленген тапсырмалар. Тапсырмалар веб-сайтта/ WhatsApp-Ботта көрсетілген.

Акцияның қысқа нөмірі - Акция шеңберінде SMS-хабарламалар жіберу және алу үшін пайдаланылатын қысқа ұялы нөмір 2086 (бұдан әрі - "**қысқа нөмір**")

Қатысушылардың қысқа нөмірге жіберген SMS-хабарламаларын Ұйымдастырушы өз бетінше төлейді және Акцияға қатысушылар үшін тегін.

4. АКЦИЯ МЕРЗІМІ

4.1. Акцияны өткізу кезеңі: 2023 жылғы "01" қаңтарынан бастап 2023 жылғы "31" желтоқсанға дейін (әрі қарай - "**Акция кезеңі**").

4.2. Кодтар мен QR-кодтарды белсендіру кезеңі: 2023 жылғы "01" қаңтарынан бастап 2023 жылғы "31" желтоқсанның аралығында (әрі қарай - "**Кодтарды тіркеу кезеңі**").

4.3. Қатысушылардың Акция тапсырмаларын орындау мерзімі: 2023 жылғы "01" қаңтарынан 2023 жылғы "31" желтоқсанға дейін.

4.4. Бас жүлделердің Ұтыс ойыны өткізілетін күн: 2023 жылдың "30" желтоқсанына дейін.

4.5. Бас жүлделердің ұтыс ойыны Жеңімпаздарының тізімін сайтта жариялау мерзімі: 2024 жылғы "20" қаңтарға дейін.

4.6. Жеңімпаздарға Акцияның бас жүлделерін беру мерзімі:

№ 1 бас жүлде - 20.02.2024 ж. дейін

№ 2 бас жүлде - 20.02.2024 ж. дейін

№ 3 бас жүлде - 20.02.2024 ж. дейін

4.7. Маусым аралық жүлделердің Ұтыс ойыны өткізілетін күн: 2023 жылдың "20" шілдеге дейін.

4.8. Маусым аралық жүлделердің ұтыс ойыны Жеңімпаздарының тізімін сайтта жариялау мерзімі: 2023 жылғы "30" шілдеге дейін.

4.9. Жеңімпаздарға Акцияның маусым аралық жүлделерін беру мерзімі:

№ 1 маусым аралық жүлде - 20.08.2023 ж. дейін

№ 2 маусым аралық жүлде - 20.08.2023 ж. дейін

№ 3 маусым аралық жүлде - 20.08.2023 ж. дейін

4.10. Осы Ережелерде көрсетілген барлық мерзімдері мен уақыты Қазақстан Республикасы, Астана қаласының уақыты бойынша есептеледі.

5. АУМАҒЫ, ПРОМОСАЙТЫ ЖӘНЕ ХАБАРДАР ЕТУ ТӘРТІБІ

5.1. Акция Қазақстан Республикасының аумағында өткізіледі:

- Алматы қ.: "Car City", "Auto City", "Тұлпар", "Жібек жолы", "Ақ орда", "Бақ орда", "Кенжехан", "Алтай", "Сапар", "Жетісу" сауда орталықтары, "Аман Авто" СО қала бойынша жекелеген сауда нүктелері;
- Алматы қ. сырты (қашықтағы СН): Қарғалы кенті, Қалқаман кенті, Өтеген Батыр кенті, Жетіген кенті, Талғар кенті, Есік қ., Қаскелең қ., Боралдай кенті, Қапшағай қ., бағдар Құлжа тас жолы 43;
- Көкшетау қаласы: қала бойынша жеке сауда нүктелері;
- Петропавл қаласы: қала бойынша жекелеген сауда нүктелері;
- Ақтөбе қаласы: қала бойынша жекелеген сауда нүктелері;
- Орал қаласы: қала бойынша жекелеген сауда нүктелері;
- Павлодар қаласы: қала бойынша жекелеген сауда нүктелері;
- Астана қаласы: қала бойынша жекелеген сауда нүктелері.
- Қарағанды қаласы: қала бойынша жекелеген сауда нүктелері.

Акцияға қатысатын сауда нүктелерінің толық тізбесі Сайтта, "Карта" бөлімінде немесе мәзірде "Сауда нүктесі" бөлімінде көрсетілген.

5.2. Акцияның Интернет желісінде өткізілу орны:

- акцияның промо-сайты www.totalenergiesquartzclub.kz;

- WhatsApp – "TotalEnergies Quartz Club" Боты (әрі қарай - "WhatsApp-бот").

5.3. Акцияны өткізу Ережелері, мерзімдері, Акция шарттарындағы өзгерістер (толықтырулар) туралы қатысушыларды хабардар етуді Ұйымдастырушы ақпаратты келесідей жариялау арқылы жүзеге асырады:

- Интернет желісінде Сайтта;

- WhatsApp-Ботта;

- +7 (747) 664 29 94 нөмірі бойынша "Шұғыл желі" ақпараттық желісі арқылы (Қатысушылар үшін қоңыраулар ақылы, қоңырау шалу құнын Қатысушының ұялы операторы Қатысушы пайдаланатын тарифтерге сәйкес алады);

- Акцияны Ұйымдастырушының және (немесе) Тапсырыс берушінің таңдауы бойынша өзге де тәсілдермен.

5.4. "Шұғыл желі" ақпараттық желісі демалыс және мереке күндерін есептемегенде, күн сайын дүйсенбіден жұмаға дейін, сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін жұмыс істейді.

5.5. Ұйымдастырушы немесе Тапсырыс беруші кез келген уақытта Акцияның шарттарын, ұтыс ойынын өткізу мерзімдерін өзгертуге, оның өткізілуін мерзімінен бұрын тоқтатуға, Акция туралы қосымша ақпаратты жариялауға құқылы. Акция және оның шарттары бойынша жаңартылған (қосымша) ақпарат Тапсырыс беруші осындай өзгерісті (жаңартуды) бекіткен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Сайтқа жариялануы тиіс.

5.6. Ұйымдастырушы және (немесе) Тапсырыс беруші осы Ережелерде, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайлардан басқа жағдайлар және даулы жағдайлар туындаған кезде Акцияға Қатысушылармен жазбаша келіссөздер немесе өзге де байланыстар жүргізбеу құқығын өзіне қалдырады.

5.7. Сауда нүктелері Акцияға қатысты наразылықтар мен шағымдарды қабылдамайды.

6. АКЦИЯНЫҢ ЖҮЛДЕ ҚОРЫ

Акцияның жүлде қоры Тапсырыс берушінің ақшалай қаражаты есебінен қалыптастырылады және келесі Жүлделерден тұрады (әрі қарай барлығы бірге – "Акция жүлделері"):

6.1. Кепілдендірілген жүлде (әрі қарай - "Кепілдендірілген жүлде"): Акциялық өнімге 1000 (мың) немесе 1500 (бір мың бес жүз) немесе 3000 (үш мың) немесе 10 000 (он мың) теңге мөлшерінде жеңілдік (әрі қарай – "Жеңілдік");

Кепілдендірілген жүлде Қатысушыға №1 тапсырмадан және №5 тапсырмадан сәтті өткені үшін беріледі.

Жеңілдік мөлшері Ұйымдастырушы Акция өткізу үшін әзірлеген арнайы компьютерлік бағдарламада рандомды (кездейсоқ) түрде анықталады.

Жеңілдік Қатысушыға ақшалай баламада берілмейді.

Акцияның барлық кезеңіне "Жеңілдік" жүлделерінің жалпы саны шектеулі.

6.2. Қосымша жүлде (әрі қарай – "Қосымша жүлде"): клубтағы шоттағы қалдыққа 500 (бес жүз) теңге көлемінде бонус. Қатысушы Жарнамалық өнімді сатып алған кезде Қосымша жүлдені пайдалана алады.

Қосымша жүлде Қатысушыға Акцияның №4 "Досыңды шақыр" тапсырмасынан сәтті өткен жағдайда беріледі (акцияға рефералдық сілтемелерді Акция шарттарына сәйкес келетін үшінші тұлғаларға (әрі қарай – "Дос") жіберу) (Ережелердің 7.1 т.) және Қатысушыдан акцияға рефералдық сілтемені алған осындай досының №1 тапсырманы тапсырманы орындауынан кейін беріледі.

Рефералдық сілтемелер жіберілетін достар саны шектелмеген.

Акцияның барлық кезеңінде қосымша жүлделердің жалпы саны шектеулі.

Досың жолдама сілтемесін пайдаланып, талап етілетін №1 тапсырманы орындаған кезде, сілтемені жіберген Қатысушының «Клубтағы шоттың қалдығына 500 (бес жүз) теңге» қосымша ұтыс Клубтағы виртуалды шотының теңгеріміне аударылады,

6.3. Бас жүлделер (әрі қарай – "Бас жүлделер"):

6.3.1. №1 бас жүлде "5 күнге Францияның Париж қаласына 2 (екі) адамға сапар" (әрі қарай - "№1 бас жүлде"); Акцияның барлық кезеңіне – 1 (бір) дана.

№1 бас жүлде Жеңімпазға 2 адамға арнап беріледі: Жеңімпаз және оған ілесіп жүретін бір тұлға және ол келесілерді қамтиды:

1) эконом класспен ҚР, Алматы қаласынан, Франция, Париж қаласына және кері қарай 2 адамға ұшақпен ұшу (№1 Бас жүлденің Жеңімпазы және онымен бірге баратын адам).

Авиажелілердің түрін, авиарейстің (ұшудың) түрін және ұшудың өзге де сипаттамаларын Тапсырыс беруші дербес айқындайды.

2), 3 жұлдыздан төмен емес сыныптағы қонақ үйде 5 түн тұру, таңғы ас қамтылған.

№1 бас жүлденің құрамына кірмейді және қажет болған жағдайда Жеңімпаз өзі төлейді:

1) Жеңімпаздың, бірге жүретін адамның ҚР азаматының төлқұжатын (шетелдік төлқұжат) және өзге де құжаттарын рәсімдеу;

2) визаны рәсімдеу;

3) COVID-19-ға байланысты сынамадан өту және өзге де зерттеулер жүргізу, құнын төлеу (қажет болған жағдайда);

4) медициналық сақтандыру және емделуге жұмсалған кез келген шығындарды өтеу;

5) Ережелердің осы тармағында, Ережелердің 6.4-тармағында келісілмеген Жеңімпаздың және (немесе) онымен бірге жүретін адамның кез келген өзге шығындары.

№1 бас жүлде Жеңімпазға Саяхатқа арналған сертификат (әрі қарай - "Саяхатқа арналған Сертификат") түрінде беріледі.

6.3.2. Бас жүлде №2 "Ұялы телефон" (әрі қарай – "№2 бас жүлде").

Акцияның барлық кезеңіне №2 бас жүлделердің жалпы саны – 1 (бір) дана.

№2 бас жүлденің үлгісін, түрін және белгісін Тапсырыс беруші өз қалауы бойынша айқындайды.

6.3.3. №3 бас жүлде "Total QUARTZ" немесе "ELF" мотор майының жылдық қоры" (әрі қарай "№3 бас жүлде"); Акцияның барлық кезеңіне – 1 (бір) дана.

№3 бас жүлде "Total QUARTZ" немесе "ELF" мотор майының 2 канистрінен тұрады.

№3 бас жүлденің түрін, санатын Тапсырыс беруші өз қалауы бойынша анықтайды.

6.4. Маусым аралық жүлделер (әрі қарай – "Маусым аралық жүлделер"):

6.4.1. Маусым аралық жүлде №1 "Ұялы телефон" (әрі қарай – "№1 маусым аралық жүлде").

Акцияның барлық кезеңіне №2 маусым аралық жүлделердің жалпы саны – 1 (бір) дана.

№2 маусым аралық жүлденің үлгісін, түрін және белгісін Тапсырыс беруші өз қалауы бойынша айқындайды.

6.4.2. №3 маусым аралық жүлде "Total QUARTZ" немесе "ELF" мотор майының жылдық қоры" (әрі қарай

"№3 маусым аралық жүлде"); Акцияның барлық кезеңіне – 1 (бір) дана.

№3 маусым аралық жүлде "Total QUARTZ" немесе "ELF" мотор майының 2 канистрінен тұрады.

№3 маусым аралық жүлденің түрін, санатын Тапсырыс беруші өз қалауы бойынша анықтайды.

6.4.3. №3 маусым аралық жүлде "Total QUARTZ" немесе "ELF" мотор майы" (әрі қарай "№3 маусым аралық жүлде"); Акцияның барлық кезеңіне – 1 (бір) дана. № 3 маусым аралық жүлде "Total QUARTZ" немесе "ELF"мотор майының 1 канистрінен тұрады. №3 маусым аралық жүлденің түрін, санатын Тапсырыс беруші өз қалауы бойынша анықтайды.

6.5. Акцияның барлық жүлделерінің сипаттамаларын, оның ішінде сапардың ел мен қаласы, тұратын қонақ үйі, қонақ үй қызметтерінің көлемі, турлар, экскурсиялар, авиажелілер және №1 жүлденің басқа да сипаттамаларын Тапсырыс беруші өз бетінше анықтайды, Жеңімпаздың қалауы бойынша өзгертуге болмайды.

6.6. Акцияның бас және маусым аралық жүлделерінің жалпы саны, түрі және құрамы Акцияға Тапсырыс берушінің шешімі бойынша өзгертілуі мүмкін. Егер Тапсырыс беруші Акция жүлделерінің санын, түрін және құрамын өзгерткен жағдайда, олар бұрын белгіленгендерге мөлшерлес болуға тиіс.

6.7. Акция жүлделерінің сыртқы түрі, олардың мөлшері, суреті және өзге де сипаттамалары жарнамалық материалдарда ұсынылған суреттермен және Қатысушылардың жеке үміттерімен сәйкес келмеуі мүмкін. Акцияның жүлделері ретінде ұсынылатын тауарлардың сапасы үшін осы тауарларды өндіруші жауапты болады.

7. АКЦИЯҒА ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ

7.1. Акцияға Қатысушылар

7.1.1.Акцияға 18 (он сегіз) жас және одан асқан жастағы Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, Қазақстан Республикасының әрекетке қабілетті азаматтары және ҚР тұруға рұқсаты бар шетел азаматтары (әрі қарай - "Қатысушылар")қатыса алады.;

7.1.2. Акцияға қатысуға жол берілмейді:

- Ережелердің 7.1.1 т. талаптарына сәйкес келмейтін тұлғалар;
- Ұйымдастырушының және(немесе) Тапсырыс берушінің қызметкерлері;
- Ұйымдастырушымен және (немесе) Тапсырыс берушімен үлестес деп танылған тұлғалар;
- Акцияны ұйымдастыруға және/немесе өткізуге, Акциялық өнімді сатуға/өткізуге байланысты Ұйымдастырушымен/Тапсырыс берушімен бекітілген азаматтық-құқықтық және өзге де қатынастары бар үшінші тұлғалардың қызметкерлері мен өкілдері;
- жоғарыда аталған адамдардың жақын туыстары;
- азаматтығы жоқ тұлғалар және ҚР тұруға рұқсаты жоқ өзге мемлекеттердің азаматтары.

7.1.3. Акцияға толық 18 жасқа толмаған, әрекет қабілеті шектеулі, әрекетке қабілетсіз деп танылған, осы Ережелерде белгіленген қатысудың өзге де сынбағамдарына сәйкес келмейтін азаматтардың қатысу фактісі анықталған жағдайда, Ұйымдастырушы/ Тапсырыс беруші оны Акцияға қатыстырудан және (немесе) жүлде беруден бас тартуға құқылы.

7.2. Акцияға қатысу

Акцияға қатысу үшін, Қатысушы төменде көрсетілген Механиктердің бірін қолдана отырып, белгілі бір әрекеттер ретін орындауы керек:

7.2.1. Механика 1 "WhatsApp-бот арқылы қатысу"

1. Акция серіктестерінің сауда нүктелерінің бірінде Қатысушыны WhatsApp-ботқа автоматты түрде бағыттайтын сатушының QR-кодын сканерлеу қажет;

2. WhatsApp-бот акциясы арқылы:

– акция ережелерімен танысу, тіркеу нысанының тиісті жолдарын толтырып, Акцияға қатысуға және дербес деректерді өндеуге келісім беру, TOTALENERGIES QUARTZ CLUB қатысушысы ретінде (осында, жоғарыда және әрі қарай - "Клуб") тіркеуден өту;

- Қатысушы клубқа кіргеннен кейін, ол Акцияның №1-5 тапсырмаларын орындауы тиіс.

7.2.2. Механика 2 "SMS арқылы қатысу"

1. Тікелей сауда нүктесінде Қатысушыға кемінде 1 (бір) Акциялық өнімді сатып алу қажет (№1 Тапсырма);

2. Акциялық жапсырмадағы қорғаныш қабатын өшіру және қорғаныш қабатының астында бірегей 7 таңбалы Промо-кодты (кодты) табу;

3. Акциялық өнім сатып алынған Сатушыдан Сатушының ID-ін алу;

4. 2086 қысқа нөміріне "Код (бос орын) Сатушының ID (бос орын) Қатысушының аты-жөні" мәтінімен SMS-хабарлама жіберу.

Осы хабарламаны жібергеннен кейін Қатысушы TOTALENERGIES QUARTZ CLUB клубының мүшесі болады;

5. Жеңілдік мөлшері көрсетілген жауап SMS-хабарлама алу;

6. Сатушыға жеңілдік мөлшері көрсетілген жауап SMS-хабарламаны көрсету және жауап SMS-хабарламада көрсетілген мөлшерде Сатушыдан жеңілдік алу;

7. Сайтқа сілтеме жасалған екінші жауап SMS-хабарлама алу, онда Қатысушы бас жүлделер ұтысына одан әрі

қатысу үшін №2 - №5 тапсырманы орындауы қажет.

7.3. Акцияның барлық кезеңіндегі тапсырмалардың жалпы саны – 5 (бес). Акцияның Тапсырмаларымен танысу, сондай-ақ оларды сайттан/ WhatsApp-боттан орындауға/өтуге кез келген ретпен кірісуге болады. Қатысушы орындаған тапсырманы сайт/ WhatsApp-бот жүйесі 1 рет тіркейді, тапсырманы қайта орындау мүмкін емес.

7.4. Қатысушылар Сайтта, WhatsApp-Ботта қатысушының аты-жөнін, ұялы телефон нөмірін көрсеткен кезде тіркеу нысанын толтыру кезінде дұрыс ақпаратты енгізуі қажет. Ұйымдастырушы деректері тиісті түрде толтырылмаған (толық емес, дұрыс емес, жалған ақпарат енгізілген) Қатысушыларды Акцияға қатыстырудан бас тартуға құқылы.

7.5. Ұйымдастырушының өз қалауы бойынша, Қатысушыларға себептерін түсіндірмей және олармен хат жазыспай, Акцияға Қатысушылардың кез келген іс-әрекетін жарамсыз деп тануға, сондай-ақ Ұйымдастырушыда және(немесе) Тапсырыс берушіде Қатысушының деректерді қолдан жасайды немесе Акцияға қатысу үшін қажетті деректердің кез келген қолдан жасалуынан пайда көреді деген негізделген күдіктері туындаған кез келген тұлғаның Акцияға одан әрі қатысуына тыйым салуға құқығы бар, оның ішінде, бірақ келесі іс-әрекеттермен шектелмей:

- Егер Акцияға Тапсырыс берушіде /Ұйымдастырушыда Қатысушының тіркеу кезінде берген ақпараты дұрыс емес, толық емес, қате немесе дәл емес екендігіне күмән туындаса;
- Егер Акцияның Тапсырыс берушісінде/Ұйымдастырушысында алаяқтық әрекеттер жасайды, оның ішінде сайтта/WhatsApp-Ботта көп мәрте тіркеулерде, Сайт үшін де, оның Қатысушылары үшін де әртүрлі тұрпаттағы және дәрежедегі жағымсыз салдарларға әкеп соқтырған немесе әкеп соғуы мүмкін динамикалық және басқа да манипуляцияларды қолданады деген күмән/негіз болса;
- Егер қатысушы осы Ережелерді бұза отырып әрекет етсе.

8. БАС ЖҮЛДЕЛЕРДІҢ ҰТЫС ОЙЫНЫ

8.1. Бас жүлделердің ұтыс ойынына 2023 жылғы 28 желтоқсанда 15 сағат 00 минутқа дейін Акцияның барлық 5 (бес) Тапсырмасын сәтті орындаған Қатысушылар қатыса алады.

8.2. Басты жүлделердің ұтыс ойыны, егер ұтыс ойыны өткізілетін сәтке қарай барлық 5 (бес) тапсырманы бірлесіп орындаған Қатысушылардың саны кемінде 4000 (төрт мың) адамды құраған жағдайда өткізілуі мүмкін. Егер мұндай Қатысушылардың саны 4000 (төрт мың) адамнан кем болса, Ұйымдастырушы бас жүлделердің ұтыс ойынын өткізбеуге құқылы.

8.3. Бас жүлделерді ойнату аясында Жеңімпаздардың келесі саны анықталады.:

№ 1 жүлде - 1 (бір) Жеңімпаз;

№ 2 жүлде - 1 (бір) Жеңімпаз;

№ 3 жүлде - 1 (бір) Жеңімпаз.

8.4. Бас жүлделердің ұтыс ойынын өткізу күні Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген демалыс және мереке күндерін ескере отырып, сондай-ақ Ұйымдастырушыға тәуелсіз жағдайлар туындаған кезде түзетілуі мүмкін.

8.5. Бас жүлделер ұтысының Жеңімпаздарын анықтауды Тапсырыс берушінің 3 (үш) өкілінен және Ұйымдастырушының 1 (бір) өкілінен тұратын комиссия кездейсоқ сандар генераторының көмегімен, Акция Ережелерінің 8.1-тармағында көрсетілген шарттарды орындаған қатысушылардың бірегей нөмірлері арасынан кездейсоқ таңдау жолымен жүргізеді..

8.6. Бас жүлделердің ұтыс ойынын өткізу қорытындылары бойынша ұтыс ойынының хаттамасы қалыптастырылады, оған Комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

8.7. Осы Ережелердің 6.3-тармағында көрсетілген жүлделердің әрбір түріне Бас жүлделерді ойнату нәтижелері бойынша 1 (бір) Негізгі Жеңімпаз (әрі қарай – "Жеңімпаз"), сондай-ақ 3 (үш) Балама үміткер (әрі қарай - "Балама үміткер") анықталады.

Ұйымдастырушы Негізгі Жеңімпаз Акция шарттарын бұзған, Жеңімпаз жүлдеден және (немесе) Ұйымдастырушыға жүлдені тапсыру үшін қажетті құжаттарды ұсынудан бас тартқан немесе Жеңімпаз осы Ережелердің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, Негізгі Жеңімпазды ықтимал ауыстыру үшін Балама үміткерлерді анықтайды. Акцияны Ұйымдастырушы Балама үміткерлер тізіміне енгізілген Қатысушылардың аты-жөндерін жариялауға міндетті емес.

8.8. Ұйымдастырушы Акцияның Бас жүлделері ұтыс ойынының Жеңімпаздарын ұтыс ойыны өткізілген күннен кейінгі күнтізбелік 10 (он) күн ішінде хабардар етеді. Ұйымдастырушы ұтыс Жеңімпаздарын Клубта тіркелген кезде көрсетілген Қатысушының ұялы телефон нөміріне телефон қоңырауы арқылы хабардар етеді.

8.9. Бас жүлделер ұтысының Жеңімпазымен Ережелердің 8.8 тармағында көрсетілген мерзімде байланысу мүмкіндігі болмаған жағдайда. Ұйымдастырушыға/Тапсырыс берушіге тәуелсіз себептер бойынша Жеңімпаз жеңіске жету мүмкіндігін жоғалтады, ал жүлде Балама үміткерге қайта тағайындалады. Ұйымдастырушыға және (немесе) Тапсырыс берушіге тәуелсіз себептер бойынша Балама үміткермен байланыс болмаған, Балама үміткер жүлдеден бас тартқан және (немесе) жүлдені тапсыру үшін қажетті құжаттарды Ұйымдастырушыға

беруден бас тартқан жағдайда немесе осы Ережелерде және(немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасында аталған өзге де себептер бойынша жүлде келесі Балама үміткерге өтеді, және әрі қарай жалғасады.

9. МАУСЫМ АРАЛЫҚ ЖҮЛДЕЛЕРДІҢ ҰТЫС ОЙЫНЫ

9.1. Маусым аралық жүлделердің ұтыс ойынына 2023 жылғы 30 маусымда 23 сағат 59 минутқа дейін Акцияның барлық 5 (бес) Тапсырмасын сәтті орындаған Қатысушылар қатыса алады.

9.2. Маусым аралық жүлделердің ұтыс ойыны, егер ұтыс ойынына дейін барлық 5 (бес) тапсырманы орындаған қатысушылардың саны кемінде 2000 (екі мың) адамды құраған жағдайда аралық жүлделерді ұтыс ойыны өткізілуі мүмкін. Егер мұндай қатысушылардың саны 2000 (екі мың) адамнан кем болса, Ұйымдастырушы аралық жүлделердің ұтыс ойынын өткізбеуге құқылы.

9.3. Бас жүлделерді ойнату аясында Жеңімпаздардың келесі саны анықталады::

№ 1 жүлде маусым аралық - 1 (бір) Жеңімпаз;

№ 2 жүлде маусым аралық - 1 (бір) Жеңімпаз;

№ 3 жүлде маусым аралық - 1 (бір) Жеңімпаз.

9.4. Маусым аралық жүлделердің ұтыс ойынын өткізу күні Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген демалыс және мереке күндерін ескере отырып, сондай-ақ Ұйымдастырушыға тәуелсіз жағдайлар туындаған кезде түзетілуі мүмкін.

9.5. Маусым аралық жүлделер ұтысының Жеңімпаздарын анықтауды Тапсырыс берушінің 3 (үш) өкілінен және Ұйымдастырушының 1 (бір) өкілінен тұратын комиссия кездейсоқ сандар генераторының көмегімен, Акция Ережелерінің 9.1-тармағында көрсетілген шарттарды орындаған қатысушылардың бірегей нөмірлері арасынан кездейсоқ таңдау жолымен жүргізеді..

9.6. Маусым аралық жүлделердің ұтыс ойынын өткізу қорытындылары бойынша ұтыс ойынының хаттамасы қалыптастырылады, оған Комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

9.7. Осы Ережелердің 6.3-тармағында көрсетілген жүлделердің әрбір түріне Бас жүлделерді ойнату нәтижелері бойынша 1 (бір) Негізгі Жеңімпаз (әрі қарай – "Жеңімпаз"), сондай-ақ 3 (үш) Балама үміткер (әрі қарай - "Балама үміткер") анықталады.

Ұйымдастырушы Негізгі Жеңімпаз Акция шарттарын бұзған, Жеңімпаз жүлдеден және (немесе) Ұйымдастырушыға жүлдені тапсыру үшін қажетті құжаттарды ұсынудан бас тартқан немесе Жеңімпаз осы Ережелердің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, Негізгі Жеңімпазды ықтимал ауыстыру үшін Балама үміткерлерді анықтайды. Акцияны Ұйымдастырушы Балама үміткерлер тізіміне енгізілген Қатысушылардың аты-жөндерін жариялауға міндетті емес.

9.8. Ұйымдастырушы Акцияның Маусым аралық жүлделері ұтыс ойынының Жеңімпаздарын ұтыс ойыны өткізілген күннен кейінгі күнтізбелік 10 (он) күн ішінде хабардар етеді. Ұйымдастырушы ұтыс Жеңімпаздарын Клубта тіркелген кезде көрсетілген Қатысушының ұялы телефон нөміріне телефон қоңырауы арқылы хабардар етеді.

9.9. Маусым аралық жүлделер ұтысының Жеңімпазымен Ережелердің 9.8 тармағында көрсетілген мерзімде байланысу мүмкіндігі болмаған жағдайда. Ұйымдастырушыға/Тапсырыс берушіге тәуелсіз себептер бойынша Жеңімпаз жеңіске жету мүмкіндігін жоғалтады, ал жүлде Балама үміткерге қайта тағайындалады. Ұйымдастырушыға және (немесе) Тапсырыс берушіге тәуелсіз себептер бойынша Балама үміткермен байланыс болмаған, Балама үміткер жүлдеден бас тартқан және (немесе) жүлдені тапсыру үшін қажетті құжаттарды Ұйымдастырушыға беруден бас тартқан жағдайда немесе осы Ережелерде және(немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасында аталған өзге де себептер бойынша жүлде келесі Балама үміткерге өтеді, және әрі қарай жалғасады.

10. ЖҮЛДЕЛЕРДІ АЛУ ТӘРТІБІ

10.1. Бас жүлделердің және маусым аралық ұтыс ойыны Жүлдесін алу үшін Жеңімпаз ұйымдастырушыны Жеңіс туралы хабардар еткен сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Ұйымдастырушының operator.tqc@urbanmedia.kz электрондық мекенжайына келесі құжаттар және (немесе) өзі туралы ақпараттарды ұсынуы қажет:

1) Жеңімпаздың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);

2) Жеңімпаздың Қазақстанда нақты тұратын толық және нақты мекен-жайы;

3) Қазақстан Республикасы (ҚР) азаматының қолданыстағы жеке куәлігінің көшірмесі.

Көшірме құжаттың 2 (екі) жағынан жасалған болуы тиіс. ҚР азаматының жеке куәлігінде оның иесінің жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) болуы тиіс;

4) Шетел азаматтары үшін – шетелдіктің ҚР тұруға рұқсатын куәландыратын құжаттың көшірмесі. Көшірме құжаттың 2 (екі) жағынан жасалған болуы тиіс.

Шетелдіктің ҚР-да тұруына рұқсатта оның иесінің жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) болуы тиіс. Шетелдік азаматтың ҚР-да тұруға рұқсатын куәландыратын құжатта ЖСН болмаған жағдайда, осы ЖСН қосымша

ұсынылады;

5) Жеңімпаз қол қойған жүлденің табыс етілгені туралы актінің фотосуреті немесе сканерленген көшірмесі.

6) **№1 жүлденің Жеңімпазы қосымша келесілерді ұсынады:** онымен бірге баратын адамның қолданыстағы жеке куәлігінің көшірмесі (ЖСН міндетті түрде көрсете отырып), Жеңімпаздың және бірге баратын адамның қолданыстағы шетелдік төлқұжатының көшірмесі.

Жеңімпаздың және бірге баратын адамның жеке куәлігінің және шетелдік төлқұжатының қолданылу мерзімінің аяқталу мерзімі 31.12.2023 жылдан ерте болмауы тиіс.

10.2. Тапсырыс беруші/Ұйымдастырушы осы Ережелердің 10.1 тармағында көрсетілген ақпарат пен құжаттардан басқа, сондай-ақ Жеңімпаздан №1 жүлдені ресімдеу және беру үшін қажетті басқа ақпаратты және(немесе) құжаттарды сұратуға құқылы.

10.3. Жеңімпаздар ұсынатын құжаттардың көшірмелері анық, әріптері мен сандары оқылатындай болуы тиіс.

10.4. №1 жүлдені тапсыру кезінде Ұйымдастырушы Жеңімпазды акцияға Тапсырыс берушімен шарттық қатынастар негізінде Жеңімпаздың және оған ілесіп жүретін адамның сапарын тікелей ұйымдастыруды жүзеге асыратын туристік агенттіктің (әрі қарай – «Агенттік») байланыс деректері туралы қосымша хабардар етеді.

10.5. Саяхатқа арналған сертификат түріндегі №1 жүлдені Жеңімпаз 2023 жылғы 30 қыркүйекке дейінгі мерзімде белсендіруі тиіс. Саяхатқа арналған сертификатты белсендіру үшін Жеңімпаз Агенттікте құжаттарды ұсыну мерзімдерін келісуі, сондай-ақ Жеңімпаздың және оған ілесіп жүретін адамның саяхатын ұйымдастырумен байланысты өзге де рәсімділіктерді шешуі қажет.

10.6. Акцияның Басты жүлделері Жеңімпазға осы Ережелердің 10.1 т. көрсетілген мекен-жай бойынша курьерлік (пошта) қызмет арқылы келесі мерзімде жіберіледі:

№ 1 бас жүлде - 30.01.2024 ж. дейін

№ 2 бас жүлде - 30.01.2024 ж. дейін

№ 3 бас жүлде - 30.01.2024 ж. дейін

№1 маусым аралық жүлде - 20.08.2023 ж.дейін

№2 маусым аралық жүлде - 20.08.2023 ж.дейін

№3 маусым аралық жүлде - 20.08.2023 ж.дейін

10.7. Ұйымдастырушының жүлдені Жеңімпазға тапсыру бойынша міндеттемелері Ұйымдастырушы жүлдені курьерлік (пошта) қызметке берген сәттен бастап орындалған болып есептеледі.

10.8. Жеңімпаз өзіне Ұйымдастырушы жіберген жүлдені курьерлік (пошталық) қызметтен дербес алуы тиіс. Жүлдеге меншік құқығы Жеңімпазға осындай жүлдені курьерлік (пошта) қызметінің өкілі тапсырған және жүлдені тапсыру туралы актіге қол қойылған кезден бастап өтеді.

10.9. Жүлдені алған сәттен бастап Қатысушы алған Жүлденің кездейсоқ жойылу немесе бүліну қаупін өз бетінше көтереді.

10.10. Акция жүлделерін ақшалай немесе кез келген басқа баламамен ауыстыруға жол берілмейді.

Жеңімпаздың жүлдені алу құқығын үшінші тұлғаларға беруіне жол берілмейді.

10.11. Ұйымдастырушыға/Тапсырыс берушіге тәуелсіз себептермен, оның ішінде курьерлік(пошта) қызметтердің, байланыс қызметтерінің, компьютерлік жүйелердің жұмысындағы іркілістерге байланысты Жеңімпаз жүлдені тапсыру/алу мүмкін болмаған, Жеңімпаз осы Ережелерде көрсетілген және(немесе) курьерлік(пошта) қызметтермен айқындалған жүлдені алу мерзімін бұзған және т.б. жағдайларда, мұндай Жүлде талап етілмеген деп танылады, оны тиісті Жеңімпаз қайтадан талап ете алмайды, ақшалай және (немесе) өзге өтемақы берілмейді және Жүлдені Тапсырыс беруші өз ұйғарымы бойынша пайдаланады.

10.12. Егер Жеңімпаз Ұйымдастырушыға Ережелердің осы бөлімінде талап етілетін құжаттарды беруден бас тартса немесе өзге де себептер бойынша ұсынбаса, сондай-ақ, егер талап етілетін құжаттардың толық емес жиынтығы жіберілсе немесе ұсынылған құжаттар көшірмелерінің сапасы оларды сәйкестендіруге мүмкіндік бермесе, Тапсырыс беруші/Ұйымдастырушы мұндай Жеңімпазға жүлдені беруден бас тартуға және өз қалауы бойынша, оның ішінде оны алуға құқығы бар Балама үміткерлерге беру жолымен пайдалануға құқылы.

10.13. Осы Ережелердің шарттарын орындамаған Жеңімпаз Акция жүлдесін алу құқығынан айырылады. Бұл жағдайда Тапсырыс беруші осындай жүлдені өз ұйғарымы бойынша иеленеді.

10.14. Келесі жағдайларда Тапсырыс беруші / Ұйымдастырушы жауапты емес, ал Жеңімпаз №1 жүлдені басқа жүлделерге ауыстыру сияқты одан әрі алу/пайдалану құқығын жоғалтады:

1) баратын елінің өкілетті мемлекеттік органдары Жеңімпазға және (немесе) онымен бірге жүретін адамға виза беруден бас тартса;

2) валюталық, кедендік бақылау ережелерін бұзғаны, денсаулық сақтау саласындағы талаптар мен ережелерді (қажетті вакцинацияның, ПТР-тесттердің болмауы және басқалары) бұзғаны үшін шекара және (немесе) кеден қызметтері бағдардан алып тастағанда;

3) әуежайдың және(немесе) авиакомпанияның қауіпсіздік қызметі бағдардан алып тастағанда;

4) Қазақстан Республикасы баратын ел заңнамасының нормалары бұзылған жағдайда Қазақстан мен баратын елдердің мемлекеттік шекарасын кесіп өтуден немесе санкциялар, бұлтартпау шараларын қолданғаны үшін бас

тартса;

5) еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған кезде, егер мұндай жағдайлар №1 жүлдені одан әрі алуға/пайдалануға әсер етсе;

6) Қазақстан Республикасы мен Франция арасында карантиндік шектеу шараларын, шығуға/кіруге тыйым салуды енгізу; коронавирустық (COVID-19) және өзге де инфекциялардың/аурулардың таралуына байланысты мемлекеттік шекараларды жабу;

7) Қазақстан мен Францияның мемлекеттік органдары белгілеген саяси, экономикалық және өзге де себептер бойынша.

10.15. Ұйымдастырушы/Тапсырыс беруші алаяқтық: WhatsApp-Ботта және (немесе) Сайтта тіркелу кезіндегі алаяқтық, WhatsApp-боттың және (немесе) сайттың жұмысын бұзуға әрекет жасау, өзі туралы дұрыс емес деректерді немесе жалған құжаттарды ұсыну және басқа да бұзушылықтар анықталған жағдайда Жұлделерді беруді жүзеге асырмайды. Ұйымдастырушы /Тапсырыс беруші алаяқтық пен жалғандықтың болуын өз қалауы бойынша анықтайды. Қатысушы Акцияға қатысу нәтижесін бұрмалауға мүмкіндік беретін арнайы бағдарламаларды немесе скрипттерді пайдаланды деген күдік туған жағдайда, Қатысушы автоматты түрде Акция шарттарын бұзушы болып есептеледі және оның аккаунты қосымша хабарламаларсыз және себептерін түсіндірместен Акция соңына дейін бұғатталады.

10.16. Келесі жағдайларда Жеңімпаз тиісті жүлдені қандай-да бір өтемақысыз алу құқығын, көрсетілген жағдайлар қай уақытта белгілі болғанына қарамастан, жоғалтады:

1. егер Жеңімпаз тиісті жүлдені тапсыру сәтіне дейін осы Ережені бұзушы деп танылса;

2. егер Жеңімпаз ауызша немесе жазбаша түрде кез келген электрондық байланыс құралдарының көмегімен жүлдені алудан бас тартатыны туралы мәлімдесе;

3. Акцияға Қатысушыны, телефон нөмірінің қатысушыға тиесілігін сәйкестендіру мүмкін болмаған жағдайда;

4. Ұйымдастырушыға тәуелсіз себептермен туындаған, осындай Жеңімпазбен байланысқа шығу сәтсіздікпен аяқталғаннан кейін.

10.17. Жұлделерге салық төлеуді Ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес дербес жүзеге асырады.

10.18. Акция жүлделерін алуға/сатуға байланысты Жеңімпаздардың осы Ережеде белгіленбеген кез келген шығындарын Акцияға Тапсырыс беруші өтемейді, Акция Жеңімпазы өз бетінше төлеуі тиіс.

11. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕР

11.1. Акцияға қатыса отырып, Қатысушы нақты және өзекті (анық) деректерді көрсетуге міндеттенеді, сондай-ақ өз еркімен және өз мүддесінде әрекет ете отырып, Ұйымдастырушыға, Тапсырыс берушіге келесі шарттарда өзінің дербес деректерін өңдеуге келісім береді: дербес деректер тек осы Акцияны өткізуге байланысты пайдаланылатын болады және осы Акциямен байланысты емес мақсаттарда үшінші тұлғаларға берілмейтін болады.

11.2. Қатысушы өзінің дербес деректерімен келесі әрекеттерді жасауға келісім береді: Қазақстан Республикасының заңнамасында, атап айтқанда, 2013 жылғы 21 мамырдағы N 94-V "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және осы Ережеде көзделген жағдайларда және көлемде жинау, өңдеу, пайдалану, тарату, сақтау.

11.3. Акцияға қатыса отырып, қатысушылар ұйымдастырушыға өздері ерікті түрде ұсынған дербес деректерді ұйымдастырушы/Тапсырыс беруші, сондай-ақ олар уәкілеттік берген тұлғалар деректерді өңдеудің автоматтандырылған құралдарын қолдана отырып өңдейтініне өз келісімін береді.

11.4. Қатысушының келісімін кері қайтарып алу туралы хабарлама алған жағдайда Ұйымдастырушы/Тапсырыс беруші және (немесе) олар өкілеттік берген тұлғалар, осындай Қатысушының дербес деректерін өңдеуді тоқтатады және дербес деректерді кері қайтарып алу келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жояды. Бұл кезде Қатысушының Акцияға одан әрі қатысуына және Жұлделер алуына жол берілмейді.

11.5. Дербес деректерді өңдеуге келісімді Акцияға Қатысушы Акция басталған күннен бастап 2024 жылғы 30 наурызға дейінгі мерзімге ұсынады.

11.6. Акцияға қатысушылардың дербес деректері Ережелердің 10.5 тармағында белгіленген мерзім аяқталғанға дейін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес құпиялылық шарттарында сақталады және өңделеді, одан кейін дербес деректер жойылуы тиіс.

121. ӨЗГЕ ШАРТТАР

121.1. Акцияға қатыса отырып, Қатысушы Клуб акциясы, Жұлделердің ұтыс ойыны және оның нәтижелері туралы хабарламаларды Акция кезеңі ішінде және Бас жүлделердің ұтыс ойыны Жеңімпаздарының тізімін сайтта жариялау мерзімі ішінде алуға өзінің келісімін растайды.

12.2. Акцияға қатыса отырып, Қатысушы оны Акция Жеңімпазы деп таныған жағдайда, Ұйымдастырушы оны Жеңімпаз деп тану фактісі туралы ақпаратты, оның тегін, атын, әкесінің атын және тұратын қаласын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауы мүмкін екендігімен танысқанын растайды.

12.3. Жеңімпаздардың аттарын, тектерін, сондай-ақ сұхбаттарды және олар туралы өзге де материалдарды Ұйымдастырушы, Тапсырыс беруші Акцияны өткізу жөніндегі міндеттемелерді орындау үшін немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де мақсаттарда пайдалануы мүмкін.

12.4. Ұйымдастырушы мен Тапсырыс беруші келесілер үшін жауап бермейді:

1) Қатысушылардың Акцияға қатысуға және Жүлделер алуға байланысты міндеттерді орындамауы (уақтылы орындамауы);

2) Қатысушылардың Акцияның осы Ережелерімен таныспауы, сол сияқты олардың Акцияны өткізу нәтижелерімен таныспауы;

3) Қатысушылардан хаттарды, қоңырауларды, электрондық хабарламаларды, оның ішінде пошта қызметінің, байланыс ұйымдарының кінәсінен, Акция өткізу кезінде пайдаланылатын интернет желісіндегі және/немесе байланыс арналарындағы техникалық қиындықтар және/немесе алаяқтық нәтижесінде алмау;

4) Қатысушылардан Жүлделерді алу үшін қажетті құжаттарды және/немесе мәліметтерді алмау (уақтылы алмау);

5) Қатысушылардан Акцияны өткізу және жүлделерді беру мақсатында қажетті толық емес және/немесе дұрыс емес байланыстық және/немесе өзге де мәліметтерді алу;

6) Акцияны Ұйымдастырушының/Тапсырыс берушінің кінәсінен тыс туындаған SMS-хабарламалардың кідірілуі және/немесе жеткізілмеуі, сондай-ақ ұялы байланыс операторларының, интернет-провайдерлерінің кез келген басқа техникалық іркілістері, профилактикалық жұмыстары және басқа мәселелері үшін.

7) №1 жүлденің Жеңімпазын және (немесе) онымен бірге жүретін адамды, олардың жүктерін тасымалдауға байланысты міндеттемелер бойынша тасымалдаушылардың (авиа және басқалар) іс-әрекеттері үшін (рейсті ауыстыру және/немесе күшін жою, көлік құралын беруді кешіктіру, жүктердің жоғалуы және т.б.). Жолаушыларды тасымалдау, жүктерді жеткізу, авиарейстердің жөнелтілу уақытын жою немесе өзгерту үшін барлық жауапкершілікті тасымалдаушылар қазақстандық және халықаралық заңнамаға сәйкес көтереді.

8) Сақтандыру компаниясының іс-әрекеттері, №1 Жүлденің Жеңімпазы және (немесе) онымен бірге жүрген тұлға денсаулығына келтірілген зиян үшін және медициналық сақтандыруға байланысты, шеккен залалдар үшін. Сақтандыру жағдайы басталған кезде тараптардың жауапкершілігі сақтандыру полисі болып табылатын сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру шарттарына сәйкес реттеледі. Тапсырыс беруші мен Ұйымдастырушы №1 Жүлденің Жеңімпазына және (немесе) онымен бірге жүретін адамға емделу (амбулаториялық және стационарлық) құнын, егер олар Париж қ. сапарға дейін/ ішінде/ кейін коронавирустық инфекция (Covid-19) және онымен байланысты әртүрлі этиологиялы пневмония жұқтырған болса, жауапты болмайды және өтемейді.

12.5. Ұйымдастырушы мен Тапсырыс беруші осы Акцияны өткізу Ережелерін өз бетінше өзгертуге құқылы. Мұндай өзгерістер сайтта жариялануы тиіс.

12.6. Осы Ережелерді бір мәнді түсінбеуге жол беретін жағдайлар, кез келген даулы мәселелер және(немесе) осы Ережелермен реттелмеген мәселелер туындаған жағдайда, түпкілікті шешімді ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес Тапсырыс беруші қабылдайды.

12.7. Осы Ережелерде қарастырылмаған барлық жағдайларда Тапсырыс беруші, Ұйымдастырушы, Акцияға Қатысушылар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.